

Ж. Молдағалиев атындағы  
Батыс Қазақстан облыстық ғылыми - әмбебап кітапханасы

Кітапхана ісін дамыту бөлімі



Мен де жүрмін туған жерге  
нұр шашып

**Ж.МОЛДАҒАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ӘМБЕБАП КІТАПХАНАСЫ**

**«Мен де жүрмін туған жерге нұр  
шашып»**

**(Ақын Ж. Набиуллиннің 75 жасқа толуына арналған  
әдістемелік-библиографиялық құрал)**

**Орал, 2011 жыл**

**«Мен де жүрмін туған жерге нұр шашып»:** Ақын Ж.Набиуллиннің 75 жасқа толуына арнап шығарылған әдістемелік-библиографиялық құрал [Ж.Молдағалиев атындағы ОҒӘК] / Құраст.: Г.Қапсанова, Л.Сатыбалдиева, С.Иргалиева, З.Хайруллина.-Орал, 2011.- 43б.

**Құрастырғандар: Қапсанова Г.Б.  
Сатыбалдиева Л.Б.  
Иргалиева С.С.  
Хайруллина З.Н.**

**Редакторы: Исатаева Р.Ж.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Ақ Жайық өңірі қашанда даналар мен таланттарға, ақын-жырау, жыр сүлейлері мен шайырларға кем болып көрген емес. Асан Қайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Жиенбет, Махамбеттің ауызша шығармалары бірте-бірте қобыз-домбыра шанағынан түседі де, ақ қағазға қалам ұшы танба болып, XVIII-XIX ғасырда жазба әдебиет нұсқаларына айналды. Бұдан соң да Ақжайық XX ғасырда Жұбан мен Қадыр, Қайрат пен Ақұштап сынды ақындарды дүниеге әкелді. Осы ақындардың қатарынан Жанғали Набиуллинді де көруге болады.

«Жанғали - Нарын құмының перзенті. Жанғали - есте жоқ ерте кездегі поэзия ұрығы. Бұл дән қазіргі поэзия топырағына енеді де сыршыл, әрі пәлсафашыл нұрлы лирика туғызады»-деп филология ғылымының кандидаты, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің доценті Серікқали Шарабасов өзінің мақаласында Жанғали ағаның ақындық шығармашылығына зор баға берген.

Бұл әдістемелік-библиографиялық құралда ақынның өмірі, шығармалары, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қадыр Мырза Әлидің «Осы жұрт Жанғалиды біле ме екен?» тақырыбындағы мақаласы, мерзімді басылымдар бетінде жарық көрген мақалалары бойынша кітап көрмесінің жобасы, поэзия кеші, ақынның шығармашылығын насихаттауға арналған әдеби-сазды композициялық кешті ұйымдастырудың жобалары, ақын шығармашылығы туралы әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіш тізімі беріліп отыр.

Әдістемелік-библиографиялық құралдың мақсаты - облыс кітапханашыларына Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Ж.Набиуллиннің 75 жасқа толуына орай өмірі мен шығармашылығын насихаттауға әдістемелік көмек көрсету.

## **Ж.НАБИУЛЛИННІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жанғали Набиуллин 1936 жылы 13 желтоқсанда бұрынғы Жаңақала ауданы Саралжын ауылында, қазіргі Бөкейорда ауданының «Құрманғазы» ауылдық округінде дүниеге келген.

1960 жылы Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының филология факультетін ойдағыдай бітіріп шықты. Жаңақала, Жалпақтал аудандарында, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстық газеттерінде қызмет істеді. Қазақстан Жазушылар Одағының кеңесшісі болды. Кейін республикалық «Аққұс», облыстық «Орал өңірі», «Серпер» басылымдарында қызметте болды.

Оның алғашқы бір топ өлеңдері «Жас дәурен» атты ақын-жазушылардың топтама өлеңдер жинағында 1961 жылы жарияланды, ал 1977 жылы өлеңдері «Қазақ кеңес поэзиясының антологиясына» кірген.

1967 жылы «Жазушы» баспасынан Жанғалидың «Ақ жаңбыр» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақынның тырнақалды кітабын «Ақ жаңбыр» деп атауының өзі-ақ кітаптың бүкіл тынысын, жас таланттың байсалды ой түйінін анықтап тұрғандай.

Жинақ кітаптарына енген өлеңдердің тақырыптары негізінен-соғыс, бейбітшілік, заман тағдыры, туған жерге деген сүйіспеншілік, замандастардың ой-арманы, еңбектегі ерлігі, жастарға үлгі-өнеге боларлық тебіреністер.

Сондай-ақ Жанғали Набиуллиннің қаламынан «Таныс әуендер» (1968ж), «Ақ сөйле жүрегім» (1970ж), «Орда - қаһармандар қаласы» (1972ж), «Қас қағым» (1983ж), «Жырлайды жылдар» (1985ж), «Жоғары кернеу» (1989ж), «Жетінші перне» (2001-2006 жж) атты 5 томдық жинағы және «Он сегіз жасқа толмаған махаббатым» (2009ж) өлеңдер жинақтары жарық көрген.

Ақын Жанғалидың қаламгерлік қарымына, ақындық адымына, өмірдің өзіндей өлеңдеріне ақын-жазушылар, теорик әдебиетші ғалымдар тарапынан бағалар да көптеп беріліп келеді. Соның бір шоғыры төмендегідей ой өреді. Мәселен, ақын Ғафу Қайырбеков: «Ақын диапазоны, тынысы кең. Жалған айқай жоқ, жан сенетін дауыс бар. Өлең өрнектері, формасы, техникасы, буын ырғақ – бәрі айтар тақырыпқа бағынған, палитрасы бар. Сондықтан да өлеңдері ішінде сайран саласың, кеңшілік сезінесің. Ауқымды тақырып, биік идеяны жырлауға мүмкіндігі мол, алғашқы ауру-еліктеулерден алыстап, өз орбитасына қарай тартқан өзгеше мінезді ақынды көремін», - дейді. Ғафу ақын қалайша дәл айтқан десеніңші! Тамыршыдай тапқыр. Ақынды шалқар шабытқа шомылдырар осындай алдыңғы толқын ағалар тарапынан берілген орынды бағалар ғой.

Ақын Боранғали Ырзабаевтың «Жанғали өмірлік тақырыпты өзінше илейді, иін де өзінше қандырады, ешкімнің сүрлеуіне түспейді, ешкімнің шаңының астында да қалғысы келмейді, ойды өзінше қорытындылайды, өз философиясы бар және ол қарапайым да түсінікті», - деуінің де бір артық-кемі жоқ деп білеміз.

Қысқасы, ақын Жанғали өмірді, адамды өзінше жырлайды, ойлы өлеңдерімен оқушысын еліктіріп, өзіне ертіп отыратын бірегей ақын, тума талант. Ақынның өлеңдері өміртану иірімдерінің өзгеше жазылуымен қызықтырады. Жанғали аға – оқырманы бар және бола беретін ақын.

Ж.Набиуллин Жаңақала ауданының және Орал қаласының құрметті азаматы.

## ОСЫ ЖҰРТ ЖАНҒАЛИДЫ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

*Қаншама сүйкімді жырлар жазып, қаншама жүйелі топтамалар берсе де, қаншама қуатты кітаптың авторы болса да, қазақ әдеби сынының оң көзіне ілігіп, өзіне лайық әділ бағасын ала алмай жүрген әдемі ақындарымыздың бірі – Жанғали Набиуллин. Белинский, Добролюбов, Чернышевский, тіпті Писареві болмаған нұшайман әдебиеттің бейшаралығы осында енді.*

Қай-қай жағынан да білікті, ең алдымен, әсіресе, азаматтығы биік Белинскийлер Пушкиндермен, Лермонтовтармен ғана шектеліп қоймай, астанадан әбден аулақта жатқан еңбеккер де дарынды ақындарын ауыздарынан тастамай, үнемі айтып жүрген. Кольцов пен Никитин секілді эбеқоңыр ақындарының өзін аспанға көтеріп, әдебиет тарихына сүйреп кіргізген-ді. Біздің сыншыларымыз, көңілдеріне келсе де айталық, дарындарын былай қойғанда, кісілігінің өзімен де Белинскийлердің бақайынан келмейтін еңсесіздер, әдебиеттің көшбастары, серкесі болуға жарамаған бақай есептің өкілдері ғана!

Біздер, қазақтар, талант-дарынға аса бай елміз. Олар үзбей, үзілмей, лек-легімен келіп жатады, келіп жатады. Әрине, оп-оңай емес, қысылып-қымтырылып, жан-жағына жалтақтап, көрместі көріп, көшке ілесіп кетеді әйтеуір! Бірақ олардың біреуін, ең болмаса біреуін қолынан жетектеп, жалпақ жұртқа жария қылған бір де бір қазақ әдеби сыншысын көре алмадық. Таланттарды тауып, маңдайынан сипап, бата беріп жүргендер әдеби сыншылар емес, ақындар, ақын ағалар, жазушылар: Әбділдә Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Ғали Орманов, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаев сияқты асыл ағаларымыз. Мұқағали Мақатаевты да, Жұмекен Нәжімеденовті де, Өтежан Нұрғалиевті де, Қанипа Бұғыбаеваны да, Күләш Ахметованы да, тіпті Тұманбай екеумізді де, әдебиетке алып келген сыншылар емес, осылар. Біздерді жаңылмай тапқан да, тапқандарына қуанған да

сол ардагер ұстаздар. Біз олардың алдында мәңгі-бақи қарыздармыз.

Жанғалидың жағдайы басқаша еді. Шалғайда туып, шалғайда тұрақтап қалды. Бір-екі рет Алматыға келмек болып әрекет етіп көріп еді, ол әрекеттен ештеңе шыға қоймады. Біздің басымыздан сипаған дуалы ауыз қаламгерлерге оның қолы жетпеді. Сол туған жерінде, Жайықтың жағасында жалғыздан жалғын шауып жүре берді. Бірақ әдебиет көшінен қалып қойған жоқ. Қай кезде болмасын сол ұзақ көштің үнемі жуан ортасында болды. Сөйтіп жүріп-ақ Әбділдә ағасының назарына ілікті. Ол: «Таяуда менің көзіме «Қазақ Совет поэзиясының антологиясында жарияланған «Асыққан жөн» деген бір өлең түсті. Авторы Жанғали Набиуллин деген жас ақын екен. Өлеңі маған ұнады. Мен мұндай өлеңдерді оқып қана қоймай, дәптеріме жазып аламын» деді республикалық жас ақын-жазушылардың семинар-мәжілісінде сөйлеген сөзінде.

1968 жылы әдеби жыл қорытындысында баяндама жасаған Ғафу Қайырбеков та осыған ұқсас бір ірі сөз айтқан-ды. «Ауқымды тақырып, биік идеяны жырлауға мүмкіндігі мол, алғашқы ауру – еліктеуден алыстап, өз орбитасына қарай тартқан өзгеше мінезді ақынды көрдім» деген-ді.

Ағыл-тегіл, көл-көсір кезінде айтудайын айта білетін қайран Ғафекең Жанғали талантының тамырын дәл басқан. Шынында да әйгілі әдеби планеталардың тартылыс күшінен ерте құтылып, өлең-жыр ғарышында өз орбитасынан өмірі ауытқып көрмеген Жанғалидың тақырыптарының өзі ешкімге ұқсамайды. Көз жүгіртіп көрелік: «Сөзіме сенбеген әйел», Жауапсыз хаттар», «Тілқағыс», «Электрлі білектер», «Шын шақыру», «Өзгенің әйелі», «Жек көр мені», «Еркектер үшін ертегі», «Соңғы шырпы», «Қаратпа сөйлем», «Қара ниет туралы ақ өлең», «Әулие тыныштық», «Төрт миллиардтың бірі», «e2-e4», «Тобылғы түндер», «Бұғымүйізді ойлар», «Ашық сабақ», «Түсірілмеген фильмнен ән», «Қауын тасыған Жирентөбел», «Нүкте және көп нүкте», «Үркер суға түскен күн»...т.б.



Жанғали басқа әріптестеріне тек өлең жазғанымен ғана ұқсайды. Ал өлеңдеріне үңілер болсақ, ол мүлдем басқа ақын. Оның өмірді көруі де, көріп қана қоймай, қабылдауы да және оны суреттеуі де барынша бөлек.

**...Қара судай қалғыған қараңғыда-  
Жүру қайда!-  
Мен өзім жүзіп келем.  
...Кідірсе сәл кідірген шығар күндер  
Кешке қарай әтештің айдарында.  
...Ойға шомған көлдерім қойнауадағы,  
Құлыншақтай бой жазған бұлақтарым.  
...Мен өтірік айтпаймын  
Қара жерді –  
Өзім жатар моламды басып тұрып.  
...Жұқарды ма төзім де бекем-берік,  
Сілеусін қар жатқандай бетімде еріп,  
Налып кеттім,  
Тұрмысқа бір шығудан  
Күдер үзген кәрі қыз секілденіп!**

Мұндай-мұндай мысалдарды қанша қажет болса, сонша келтіруге болады. Олар көп. Өйткені Жанғалидың табиғаты, жазуының өзі яки стилі осындай. Антон Чехов «Стиль дегеніміз - Адам» деп дәл айтқан.

Егер мен «Жанғали-суреткер ақын» десем, онда менің түк айтпағаным. Өйткені суреткер емес ақын - ақын емес. Ал суреткерлік дегеніміздің өзі – дарын, талант, ерекше құбылыс деген сөз. Ескерте кететін бір нәрсе - суреткерліктің өзі әртүрлі, әрқилы болады.

**...Жүрдік сосын  
алтын кірпік көктемді  
Бөліп байлап бұрымына қыздардың.**

**...Ал күміс күлкің де  
Бой жетпес  
сымдарға қалыпты ілініп.**

Бұл тармақтар маған ұнайды. Ұнағанда да жай ғана ұнап қоймады, қатты ұнайды. Неге? Неге екенін сезем. Бірақ түсіндіре алмаймын. Поэзия дегеннің ұлы қасиетінің өзі осында болуы керек. Бұл енді барып тұрған құпия! Бұл енді жұмбақ! Бірақ бүкіл поэзия жұмбақтан тұрады десек, онда қателесеміз. Анық. Тіптен анық. Соқырға таяқ ұстатқандай шынайы бейне-образдар да болады. Оларға да таң қаласың. Оған да таңданасың.

Күн туралы Жанғали:

**...Бес құрлықты аймалап бес ұлындай  
Күліп тұрды алтын күн аспанымда- десе,**

кала туралы:

**... Бұрын аяз жастанған Бөрібасар  
Өреді енді**

**Диван мен кереуеттен,-дейді.**

Немесе, қауын тасыған Жирентөбел жайында

**... Тас қорадан өрген ол**

**Тас көшемен**

**Тас базарға жетеді тастай қатып,-дейді.**

Көп мысал емес. Шағын-шағын үзінді. Бірақ шымқай көріністер. Алғашқы екі жолдағы жарқын көрінісі тұтас көру үшін, автор басқа бір планетаның обсерваториясында отыруға тиіс. Тиіс, бірақ нағыз дарын сол суретті өзі туған жұмыр жерде тұрып-ақ көз алдына келтіре алған. Елестетіп қана қоймаған, махаббатқа толы үлкен сомсурет жасай білген.

Екінші мысалды тағы да бір қайыра оқып шығып, сәл ойланып көріңізші! Қалай көремін десеңіз- солай көріңіз! Қалай түсінем десеңіз - солай түсініңіз! Ойдың өрісі кең. Әттең!

«Бөрібасар» деп нақтыламау керек еді. Бөрібасар ғана ма?! Ол болса ештеңе емес. Иттің де бір абыройлысы, еңбегі сіңгені ғой!

Қандендерді қайда қоясың?! Күн сайын диван мен керуеттен өріп жатқан қандендер аз ба?! О заман-ай! Жалпы заманның өзі иттердің заманына ауып бара жатқан жоқпа па осы?! Адамдар бомж болып, босып кетті. Ішетін тамағы, киетін киімі, жататын баспанасы жоқ. Ал иттер қалы кілем. Жұмсақ диван үстінде. Қайсысы қожайын, қайсысы ит? Әлде өлеңдегі әңгіме өтірік пе?! Жоқ, өтірік емес. Шындық. Барып тұрған шындық. Кәдімгі иттер туралы туынды. Бірақ әлеуметтік үлкен дүниені қоса көтеріп тұрған терең толғау.

Жанғали сұмдық сезінгіш. Керемет байқағыш. Оның ақындық қырағы көзі өзгені де, өзін де қылп еткізбей бағып, тексеріп отырады. Адам жанының ықпыл-жықпылын, ию-қию қалтарыстарын ерінбей ақтарады.

**... Елу жылың тебінде жусап жатып,**

**Қиын екен жаяулап қусаң бақыт,-** дейді ақын. Оқыс ой.

Жылқың емес, жылың тебінде жусап жатыр. Бір сөздің орнына бір сөз түсіп кеткендей. Сөйте тұра дұрысы сол: жылқы емес, жылдар.

**...Бір жәндіктің балтыры сыздамаған,**

**Ауырмаған басы да бір шыбықтың!**

Ал керек болса! Әдетте адамның ғана балтыры сыздаушы еді. Әдетте адамның ғана басы ауырушы еді! Мына бір егіз тармақта адам емес – жәндік. Жәндік түгіл, шыбығыңның өзі етіңнен ет кесіп беретін біртуғаның тәрізді. Тәрізді деймін. Шынында да жақынымыз емес пе? Егер біздер, адамдар, дүйім табиғатқа туысымыздай қарамасақ, жақынымыздай жанымыз ашымаса, дүние не болар еді?!

Ақынның ертеден кешке шейін бағатыны – айналасы яки адамдар. Оның аккумуляторы да - сол, төңірегі. Жинақтап айтқанда - Өмір.

**... Бір ғажабы**

**Сұлулардың көзінше**

**Біреулерге ренжи де алмайсың.**

Мұндай тармақтарды талдау үшін, бір емес, бірнеше парақ керек. Бірақ оқырмандарға сенімсіздік білдірмей, оны аңғарымпаз ағайындардың өздеріне қалдырдық.

**...Жауабын да соңынан берейінші,**

**Сол «соңынан» бұйырса екеумізге.**

**Білмеймін-ау**

**Ұмыта алар ма екенмін!**

деген тармақтардың тұсында өзіңнен өзің елеңдеп, сәл сасып қаласың. Бұл психологиялық сәттер. Бұл – ойдың, сезімнің оқыс мінез көрсетуі. Асығып бара жатып- тоқтау, ұша беріп-қону тәрізді құбылыс. Поэтикалық ұтымды тәсіл.

**... Айна алдына галстук таға барсам,**

**Костюм киіп,**

**Тұр екем жалаң аяқ-**дейді ақын бір өлеңінде. Өзін-өзі қалт жібермей қадағалаудың классикалық үлгісі. Әдетте біздер өзгенің кемшілігін көруге бармыз, өзіміздің осалдығымызды көруге жокпыз. Өзіңді өзің бақылау, өз пенделігіңді өзің әжуа қылғаннан асқан қандай кемеңгерлік болуы мүмкін. Өттең! Өттең! Адамдар соны түсінбейді. Түсінгілері де келмейді. Адам-адамзаттың моделі. Өзін өзі түбегейлі зерттеген, әбден білген, көзі жеткен кісі кез келген характерді жасай алады. Біздің әрқайсымыздың бойымызда дәлдір де, данышпан да, адал да, арам да, періште де, пері де - бәрі де бар. Тұтас қалпында болмаса жасауға солар жетіп жатыр.

Жанғали – тынымсыз ізденіс үстіндегі талант. Ал ізденіс

үстіндегі ақында ешқашан тоқырау болмайды. Оның өлеңдерінен біз осыны байқаймыз.

**Мойындауым үшін мен өзімді өзім**

**Келем маңдай терімді құрғатпастан** - дейді ол.

**Жарайсың, Жанғали! Құрғатпа теріңді!!**

**Босатпа тізгініңді!**

**Ертелі-кеш жаңа өлең тумаса да,**

**Ертелі –кеш орнымда отырамын!-** деп едің ғой бір өлеңінде. Сол орныңнан қозғалма!Ең үлкен қасиет - өз орнынан табылу. Қозғалма! Безіп кетпе! Сені іздеген өлең-жыр сені сол орныңнан табатын болсын! Бір келгенде болмасаң, екінші келгенде болмасаң- өлең мен шабыт іздегенін қояды. Көңілі қалады. Құдай оның бетін аулақ қылсын!

*Қадыр Мырза Әли*

*// Жас алаш.- 2001.- 22 желтоқсан*

## **ЖЫРЛАЙДЫ ЖЫЛДАР**

*Кітап көрмесінің жобасы*

### **«Биіктік пен тереңдік»**

#### **I бөлім.**

Дәйексөз: «...Жанғали - үлкен ақын. Оның өлеңдері  
Заман температурасына тәуелді емес.  
Өйткені олар қай заман үшін де актуальды,  
тақырыбы да тақырыбының өрімі де -  
мәнді, маңызды, мәңгілік».

*Қ.Мырза-Әли.*

Кітап көрмесінің бұл бөліміне ақынның өміріне байланысты деректер, елі, жері туралы мәліметтер беретін ақынның өз шығармалары қойылады.

### **«Жұлдызды Жайық»**

#### **II бөлім.**

Дәйексөз: «Ақ Жайығым өзіндей жанар жастың!  
Сертім берік жүзіндей ақ алмастың:  
Жан жүрегім лүпілдеп тұрған кезде,  
Мен сенімен сырласпай қала алмаспын."»

*Ж.Набиуллин.*

Кітап көрмесінің II бөліміне ақынның өлеңдері, толғау-дастандары, әзіл әңгімелері қойылады. Оның өзі жазған туындылары көрмеге хронологиялық тәртіп бойынша орналастырылады.

**«Ақ сөйле жүрегім»  
Ш бөлім.**

Дәйексөз: «Өлең!

Өлең!

Өлең боп өтер үміт,

От өріліп, биікке кетер іліп.

Сағыныштан өлеңге деген тағы.

Шықты бүгін қызуым көтеріліп.

*Ж.Набиуллин.*

Кітап көрмесінің Ш бөліміне ақын шығармашылығы туралы әдеби-сын еңбектер, мақалалар қойылады.

## ҚҰШАҒЫНДА БІР ҒАЖАЙЫП САЯ БАР

*Поэзия кешінің жобасы*

Залда Ж.Набиуллиннің 75 жылдығына орай кітап көрмесі қойылады. Кеш басталар алдында сахнада қазақтың ән-күйлері ойналады.

**I жүргізуші:** Армысыздар поэзия кешіне жиналған жыр сүйер қауым!

**II жүргізуші:** Бүгін Нарын құмның перзенті Ж.Набиуллин 75 жасқа толып отыр. Поэзия шаһарында жанған жарық жұлдыз Жанғали ақын шығармашылығы туралы 60-жылдардың басында Ғафу ағамыз былай деп баға берді: «Жырларындағы ақын тілінің тегеуріні, уыты, салмағы сүйсіндіреді, өзгеше үн, өзгеше интонация іздегені көрініп тұр. Ақын диапазоны, тынысы кең, жалған айғай жоқ және сенетін даусы бар. Өлең өрнектері, формасы, техникасы, буын, ырғақ- бәрі айтар тақырыпқа бағынған палитрасы бай».

**I жүгізуші:** Ж.Набиуллин қасіретті Ұлы Отан соғысына да қалам тербеген ақын. Балалық шағы соғыстың ауыр кезеңіне тап келген ақын мәңгілік есінде қалған жастықтың жасын, жарқылының табын үлкен эпикалық суретке айналдырып, поэма-дастандарына ұластырады. Тұңғышынан қара қағаз келген кездегі ана тұлғасы былай болып өрледі:

Жаманат па?

Бұл жаманат қас қой дерсің нақ әлі,

Жылт еткен бір қуанышты өштесіндей бағады.

Сол күні анам тұңғышынан айырылып,

Сол күні мен жоғалтыппын ағаны.

Деме қайғы: «Міне тағы бір жігерге жетті әлім»

Адамдарды қаралама: Жасық екен деп бәрін.



Сол күні де шығып анам сабанға,  
Жыртып қайтқан тиісті бес гектарын.

Міне табиғатынан қайсар ер ананы қара түнек қасірет,  
зілзала сұмдық та жасыта алмайды.

**«Соңғы хаты Сталинградтан», «Соғыстың соңғы күні»  
өлеңдері оқылады. ("Жетінші перне" II том. 194, 236-бет.)**

**II жүргізуші:** Ақындық жолын XX ғасырда бастаған Ж. Набиуллин XXI ғасырға шашасына шаң жұқпаған күйде келіп отыр. Соңғы бір-екі жылдың бедерінде таңдамалы туындыларының 5 томдығын шығарды.

Көлемді кітап «Аллаһу Акбар», «Аласапыран», «Шексіздік формуласы», «Қарама-қарсы тербелістер» деп аталатын үлкен-үлкен 4 бөлімнен құралған. Нәтижесінде жинақтың әрбір бөлімін оқып шыққанда, біртұтас шығармамен, шығармадан гөрі жасы үлкен, ақылы кемел, сонысына қарамастан сені жатсынбайтын сырлас адаммен сұхбаттасқандай боласың.

**I жүргізуші:** Ақын әлемі - таңғажайып байтақ әлем. Ақын аспаны астында күн күлімдей қарап, самал жел билеп, таулар теңселіп, орман-тоғай сауық салады. Ақын жүрегі әлем табиғатын алдын-ала болжайтын көріпкел сияқты. Байқампаз, талғампаз, сыршыл Жанғали ақын адамның көз алдында өтіп жатқан қас қағым шақтарды, өмірдің осынау бір сындарлы сәттерін өлеңдеріне арқау ете отырып, жұмбақ өмірдің, соның төрешісі адам тағдырының тербелмес таразысы - уақыттың сан қырларының сырын ашады.

**«Бақыт туралы баллада» өлеңі оқылады.**  
(«Жетінші перне» I-том. 16-бет.)

**II жүргізуші:** Жанғали Набиуллиннің шетінен ойдым-ойдым ойға, шебер түйілген шумақтарға, шиыр-шиыр жыр жолдарына аз сөз бен мол мағына беретін лирикалық өлеңдерімен бірге монолог-толғау, баллада жанрына қосқан үлесі бар. Бұл орайда суреткердің «Жұлдызды Жайық», «Кеш жарық», «Жесір», «Ана» деген монолог-толғауларын айтуға болады.

Осы туындыларына өміріне "мандай термен есеп берген", ақ жүрегімен үн қатқан ақын адалдық пен биіктіктің тұғырынан көрінеді. Ақын Жанғали жыр өлкесінің тынысы терең, ағынды арнасы поэма жанрында да еркін самғайды. Осы арынды арнаға тегеурінді толқынмен қуат беріп, дастан, поэма түрлерін байытып, өзіндік өрнегін салады. Ақын дастандары композициялық құрылысы мен сюжетінің нақты, оқиғалы, фактілі баяндалуымен, шындықты шынайы бейнелеуімен, образды мінездеу, мүсіндеу суреткерлігімен ерекшеленеді. Ол - өлеңде ғана емес, поэмада да сыршыл лирик.

**«Өз елім»** әні орындалады. *Әні: Н.Тілендиев.*  
*Сөзі: Қ.Мырзалиев.*  
(«Ән жәрмеңке» кітабы. 14-бетте)

**I жүргізуші:** Ақын өлеңдерінде өршіл рух, қайсар мінез бар. Жанғали шығармашылығы - өлеңді кәсіп еткен немесе ермек қылған кісінің ісі емес, поэзияны жанына сыңарындай сырлас серігі еткен ақынның дүниесі! Ақын өлеңдері көңілге қонымды, жүрекке сіңімді болуы - оның өлеңге деген адалдығы. Қоңыр сазды өлеңдері шындықты айтады, ақ сөйлейді.

Саналы өмірін сарп етіп, мына жалған дүниенің қызылды-жасылды қызықтарынан баз кешіп, өлеңнің ғана отын үрлеп келе жатқан ірі ақынымыз өзіне лайықты бағаны енді-енді ғана ала бастады.

**«Жиырманшы ғасыр басы» өлеңі оқылады.**  
(«Ақ сөйле, жүрегім» кітабы 42- бет)

**II жүргізуші:** Өмірі өлеңге айналған ақынның мына бір жыр жолдарына көз жіберсек:

Күндіз-түні ой кенін бұрғылайын  
Мынау жарқын өмірді жыр қылайын  
Бұдан былай күшім бар шабыт деген,  
Өлең деген бар менің бір құдайым

Күн туса да жүретін өте налып  
Кезіксем де сан-сынға төте барып  
Жұмсармын өмірімді өлең үшін  
Бет қызылын жұмсамай өте анық.

Біз бұл жолдар арқылы Жанғалидың ақындық, азаматтық кредосын байқаймыз. Жанғали Набиуллин өз ақындық жолында Отан, туған жер, азаматтық борыш, бақыт, еңбек, адалдық, бейбітшілік, болашақ, перзент сияқты мәңгілік тақырыптарды барша күрделілігімен өлеңдеріне арқау ете отырып, өзінше илеп, өзінше иінін қандырады.

**I жүргізуші:** Бүгінгі Ж.Набиуллиннің 75 жасқа толуына арналған кешімізді аяқтаймыз.

## ЖЫР МҰХИТЫНЫҢ ЖИҢАНГЕРІ

*Ж.Набиуллиннің шығармашылығын насихаттауға арналған әдеби-сазды композиция.*

Кеш басталар алдында қазақы музыка ойналып, іңгәлаған сәбидің үні естіледі. «Сүйінші» өлеңі оқылады:

Оят, қалқам, көршіні оят барып,  
Қуанышымды алдына қой ақтарып!  
Мынау күнде оныкі неткен ұйқы?–  
Шапшаң келіп, берсін де той атқарып.

Оят, қалқам, ауылды оят барып,  
Қуанышымды алдына қой ақтарып!  
Ырыздық та, көңіл де ортаймайды.  
Түгел келіп, берсін де той атқарып...

«Ауылым-әнім» әні орындалады. Әні: *Е.Хасанғалиев.*

*Сөзі: Б.Тәжібаев.*

(«Ән көңілдің ажары» кітабы. 305-бетте)

**Жүргізуші:** Нақ қасымнан кенет бір дыбыс шықты.  
Соның да өзі бірауық дұрыс тіпті.

**Ананың сөзі:** Тентегім-ау,  
баяғы сен боларсың  
Бұзып тұрған әулие тыныштықты.  
Түсінбейсің көп жайды дұрыс бүгін,  
Бірақ саған ол үшін ұрысты кім?!  
Тек өскенде осылай бұзсаң жақсы  
Қара бастың бойкүйез тыныштығын...

.....

Бас ауырып,  
қол тоңып, иық талып...  
Марқая бер сан өткел, биікті алып,

Марқау тірлік ауылыңнан қашық жүрсін,  
Түсіндің бе?

...жүр, енді ұйықталық.

"Ана туралы жыр" өлеңі орындалады. *Әні: Ш.Қалдаяқов,  
сөзі: Ғ.Қайырбековтікі.*  
("Ән көңілдің ажары" кітабы. 209-бетте).

**Жүргізуші:** Балалық шақ - бал шақтан аларынды ал,  
Нұр заманда туыпсың, - талабың бар.  
Ойна, ойна!...  
Ойыннан басқа сенің  
Қазір енді қандай да алаңың бар!...

(**Ж.Набиуллин "Қас қағым"** кітабы 19-бетте).

**Бала Жанғали**

**бейнесіндегі оқушы:** Ауылда өстім.

Шаруамын күн қақтаған  
Жөргегімді жасыл жел құндақтаған.  
Сол ауылдың беймаза тірлігі де  
Жаннатынан жалғанның қымбат маған...

.....  
Биік ұстап мақсатым - шынарымды,  
Білем анық сан сынға шыдарымды  
Оттай ыстық жолдармен жерді бірақ  
Қанша айналып, кім білсін, шығарымды!

"Балалық шаққа саяхат" өлеңі оқылады.

**Жігіт Жанғали**

**бейнесіндегі бозбала:** Болды, болды...

бәрі де өтті бастан!  
Өтті бастан жастық шақ-отты дастан!  
Қалтыратқан көрдім мен қаңтарды да,  
Нөсерлерді бойдағы өртті басқан...

.....

Солай, тағдыр, тағы да сынап қара,  
Сынап қара,  
қойма тек сұрап қана!  
Менің жеке өмірім -  
енді ешқашан  
Қайталанбас түпнұсқа бір-ақ дана.

"Түпнұсқа" өлеңі оқылады.

"Жас дәурен" өлеңі орындалады. *Сөзі: Қ.Аманжоловтікі.*  
*Әні: Б.Тәжібаевтікі.*

**Жүргізуші:** Өлең - құдірет! Өлең - кие! Бірде аспанға шарықтатып, кейде баянсыз фәниден бездіретін шабыт деген тағы бар. Ж.Набиуллин басқа да ақындар секілді осынау күйді бастан кешеді. Шабыты келсе, қырандай қалықтап, шабытсыз шағында,

Бұл не болды?

Неліктен тоқырадым?

Қиял қалай ұйытты шоқырағын?

Ертеңді - кеш жаңа өлең тумаса да,

Ертеңді - кеш орнымда отырамын, -деп

баяғы басқа ешкімге ұқсамайды, өзінше жырлайды.

"Ақ Жайық" өлеңі орындалады. *Сөзі: Қ.Мырзағалиевтікі.*  
*Әні: Н.Тілендиевтікі.*

Музыка аяқтала беріп, сахнаға бозбалалар мен бойжеткендер шығып, өлеңдер топтамасын оқиды.

**I бозбала:** Пейілі таңғы майда желден желең,  
Сергек ой сенімі мол шелденбеген,  
Ізгілік бастау алған баршасынан  
Ғажап бір ертегідей елден келем...

"Жайықтың арғы жағы" өлеңі  
("Қас қағым" кітабы. 28-бетте)

**I бойжеткен:** Көтергендей шырқауға таланты тік  
Тұра алмайтын шағымда тағат күтіп  
Ақ Жайықты биіктен көру үшін  
Кейде маған кетеді қанат бітіп...  
**"Жұлдызды Жайық"** өлеңі  
(**"Қас қағым"** кітабы. 29-бетте).

**II бозбала:** Жарылқаса бір төзім бітіп маған,  
Сол төзімді қайтсем де күтіп бағам  
Бассам сосын құмына Ақ Жайықтың  
Табанымды жүйрік жел қытықтаған!..  
(**"Қас қағым"** кітабы. 33-бетте).

**"Махаббат вальсі"** өлеңі орындалады. *Сөзі: Б.Жамақәевтікі.*  
*Әні: Н.Шәкеновтікі.*

**II бойжеткен:** Қош келдің,  
Өзіңдікі төрім бүгін,  
Ақ ниет, алау жүрек - көрімдігім.  
Сенімен шаңқай түсте жұлдыз санап,  
Сенімен түн көгінен көрінді Күн...  
(**"Жетінші перне"** II-том 260-бетте).

**I бозбала:** Ұзақ жол шет-шегі болып қайғы  
Жүргендер, бір шындық бар, соны ұқпайды:  
Тезірек табысуды армандайды,  
Ақыры сосын да тез жолықпайды...  
(**"Жетінші перне"** кітабы 261-бетте).

**I бойжеткен:** Мен саған кездеспесем қайтер едің?  
Жазғырман қиын сауал сұрады деп,  
Бақыттың біз білмейтін тұрағы көп.  
Ойлар ем махаббаттан емес, өмір  
Тек қана сағыныштан тұрады деп...  
(**"Жетінші перне"** кітабы 261-бетте).

«Туған жер өзің дегенде» өлеңі орындалады.

*Әні мен сөзін жазған Б.Тәжібаев.*

(«Ән жәрменке» кітабы. 42-бетте)

**II бозбала:** Мен

әкесі - жасыл жер,  
анасы -Күн  
Қасиетгі қазақтың даласының

Құрсағынан

тоғыз ай тулап түскен

Жиырмасыншы ғасырдың баласымын...

( "Жетінші перне" кітабы II том 318-бетте).

**II бойжеткен:** Сәл жақсылық болмай-ақ тартқан үлгі,

Айтатын да қалдырсақ артқа мінді,

Аң-таң болып кейде мен отырамын

Білмей кімге өзімнің тартқанымды...

( "Жетінші перне" кітабы II том 320-бетте).

**I бозбала:** Ұстанған бір сертім бар айтар мығым,

Қиындығы жоқ ешбір байқар мұның.

Тірліктегі бір ғана сүйенерім

Намысым мен қайыспас қайсарлығым...

**I бойжеткен:** Ілесіп жүріп соңынан шалғы ізінің,

Ұзақ жылдар ұмытқан жан қызығын.

Әкеміздің "мойынына бұршақ салып,

Тілеп алған Тәңірден"

Жалғызымын.

**II бозбала:** Көз жазбасын деп сайын дала гүлден,

Сын сәттерде сабырлы қала білген.

Мен тез өскен ұрпақпын

өз нанын да

Өзі өсірген балауса бала күннен...



Ж.Набиуллиннің сөзіне жазылған "Ауылдың қара көздері"өлеңі оқылады. ("Жетінші перне" Ш том. 192-бетте)  
Сахнаға оқушылар шығып, ақынның егде тартқан шақтағы өлеңдерін оқиды.

**I оқушы:** Биік ұстап бүгінім - бірлігімді,  
Еркін күтіп ертеңім - нұрлы күнді,  
Орбитамда адал мен айналамын  
Жұмыр Жердей  
Тербеген тірлігімді.

**II оқушы:**Құлап тұрып, құлди қағып, кідіріп,  
Өле жаздап, сосын қайта тіріліп  
Делқұлымын қуып жүрген  
алпыс жыл  
Аты да жоқ, заты да жоқ  
Бір үміт.

.....  
Білгенімнен көп болса да білмесім,  
Соңғы кезде мазалайды бір кесім:  
Шынында да,  
өзім қуған сол үміт  
Зорықтырып,  
мені қуып жүрмесін!

**I оқушы:** Беу, менің бедірейген алпыс бесім!  
Біреу: "Бұл - еркек үшін талтүс!" десін,  
Білмеймін алпыспысың, талтүспісің,  
Көремін түлкіге сап қар түскесін.

.....  
Дәурен - ай  
Небір сұлу бетті іздейтін,  
Бетті іздеп -  
Көк аттыны өткізбейтін!  
Күні ертең кәрілік те келер ме екен

Кемсеңдеп,  
Кемпірлер де жеткізбейтін!?

**II оқушы:** О, ғасырым!  
Күш беріп саяң маған,  
Бір жан көрсең еңбектен аянбаған,  
Ол - менмін  
Үш мыңыншы жылға қарай  
Азаматтық сеніммен аяндаған.

Кеш соңында «Елім менің» әні орындалады. Әні: *М.Маңғытаев.*  
Сөзі: *С.Жиенбаев.*

(«Ән жәрмеңке» кітабы. 20-бетте.)

## АҚЫН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1. Набиуллин Ж. Ақ жаңбыр: өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1967.- 56 б.
2. Набиуллин Ж. Ақ сөйле, жүрегім: өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1970.-80 б.
3. Набиуллин Ж. Орда қаһармандар қаласы: Өлеңдер, поэмалар.- Алматы: Жазушы,1972.- 72 б.
4. Набиуллин Ж. Көзімдегі сурет: өлеңдер.- Алматы: Жазушы, 1979.- 264 б.
5. Набиуллин Ж. Қас қағым: жыр кітабы.-Алматы: Жазушы,1983.- 88 б.
6. Набиуллин Ж. Жырлайды жырлар: өлеңдер, поэмалар.- Алматы: Жазушы,1985.-192 б.
7. Набиуллин Ж. Алғы шегі: өлеңдер.-Алматы,1987.-152 б.
8. Набиуллин Ж. Жоғары кернеу: өлеңдер.-Алматы: Жазушы, 1989.- 128 б.
9. Набиуллин Ж. Жетінші перне: Таңдамалылар.- Орал: «Полиграфсервис», 2001.  
I кітап.-Таңдамалылар.-280 б.  
II кітап. –Таңдамалылар.-327 б.  
III кітап. – Жаңа өлеңдер.-284 б.  
IV кітап. – Өзіл-әңгімелер.-181 б.
10. Набиуллин Ж. Жетінші перне. 5-кітап: Естеліктер. Толғаныстар.Түйіндер: өлеңдер.- Орал: Полиграфсервис,2006.- 344 б.
11. Набиуллин Ж. Он сегіз жасқа толмаған махабаттым: өлеңдер мен толғаныстар.- Орал: Ағартушы, 2009.-193 б.

## ӘР ЖЫЛДАРЫ ЖАЗЫЛҒАН БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ ӨЛЕНДЕРІ МЕН МАҚАЛАЛАРЫ

### 1963

12. Набиуллин Ж. Ел аузынан: [шешендік тапқырлық сөздер] // Орал өңірі.-1963.-11 тамыз.
13. Набиуллин Ж. Ұзақ сонар: [фельетон] // Батыс Қазақстан.-1963.-24 қыркүйек.
14. Набиуллин Ж. Шопан жігіттің әңгімесі: [Қазталов өндіріс басқармасының озат шопаны жайында] // Орал өңірі.-1963.-9 шілде.

### 1964

15. Набиуллин Ж. Адам аяғынан тік тұрды: [Землячка заводының жұмысшысы Чурсин Павелдің өміржолы] // Орал өңірі.-1964.-5 сәуір.
16. Набиуллин Ж. Адамның кейбір кездері: [өлең] // Орал өңірі.-1964.-12 қаңтар.
17. Набиуллин Ж. Көңіл-күй әуендері: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1964.-29 сәуір.

### 1965

18. Набиуллин Ж. Даубайдың жұлдызы: [әңгіме] // Орал өңірі.-1965.-14 наурыз.
19. Набиуллин Ж. Жаңа өлеңдер // Орал өңірі.-1965.-18 шілде.
20. Набиуллин Ж. Сегізаяқтар: [өлең] // Орал өңірі.-1965.-29 қыркүйек.

### 1967

21. Набиуллин Ж. Алғы шеп: өлең // Октябрь шұғыласы: Қазақстан ақындарының өлеңдері.-Алматы: Жазушы, 1967.-152 б.

### 1968

22. Набиуллин Ж. Атадан-әкеге, әкеден-балаға: [өлең] // Лениншіл жас.-1968.-1 қаңтар.

23. Набиуллин Ж. Дұрыс, Қәрия дұрыс. Өжетгер маршы. Соңғы шырпы:[өлеңдер] // Қазақ әдебиеті.-1968.-23 наурыз.
24. Набиуллин Ж.Жер туралы жыр:[өлең] // Лениншіл жас.-1968.-15 наурыз.
25. Набиуллин Ж.Тірліктегі бір қымбаттым. Досым мен екеуміз. Ақындар. Қаратпа сөйлем. Қара шаңырақ. Кел, қара көз: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1968.-29 маусым.

### 1969

26. Набиуллин Ж. Қасқа жол-қасіретке бастайтын жол: [өлең] //Жұлдыз.-1969.-№1.-54-55 б.

### 1972

27. Набиуллин Ж.Кеш жарық:[өлең] // Орал өңірі.-1972.-25 қараша.

### 1973

28. Набиуллин Ж.Сүйінші.Тыныштық.Жаңбыр. Сауал. Табиғат тамашасы:[өлеңдер] // Орал өңірі.-1973.-26 мамыр.

### 1976

29. Набиуллин Ж. Көктем – сәбилік шақ: [өлең] // Орал өңірі.-1976.-14 сәуір.-4 б.

### 1977

30. Набиуллин Ж. Әр жылдар бояуы: [Өлең] // Орал өңірі.-1977.-9 сәуір.
31. Набиуллин Ж.Асыққан жөн: өлең // Қазақ совет поэзиясының антологиясы.- Алматы: Жазушы,1977.- 527-528 б.

### 1978

32. Набиуллин Ж. Қайырғалиев М, Той толғауы: [өлең] // Орал өңірі.-1978.-15 қыркүйек.
33. Набиуллин Ж. Тұңғыш қонақ: [өлең] // Орал өңірі.-1978.-1 маусым.

**1979**

34. Набиуллин Ж.Сапар сәті: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1979.-25 тамыз.-4 б.

**1981**

35. Набиуллин Ж. Жан сырлары: [өлең] // Жұлдыз.-1981.-№5.  
36. Набиуллин Ж. Жүріп келем.Шахмат.Тепе-теңдік.Париждықтар Биі:[өлеңдер] //Қазақ әдебиеті.-1981.-22 мамыр.  
37. Набиуллин Ж. Лирофилософия. Түнгі сағат екі.Соңғы хат: [өлеңдер] // Орал өңірі.- 1981.-15 сәуір.

**1982**

38. Набиуллин Ж. Жетпісінші жылдардың жастары: [ақынның жарық көргелі тұрған «Қас-қағым» атты өлеңдер жинағынан үзінді] // Орал өңірі.-1982.-18 наурыз.  
39. Набиуллин Ж., Хасанов С. Жыр арқауы –жасампаз, ұлы достық: [Облыстық ақындар жайлы толық бет] // Орал өңірі.-1982.-22 мамыр.

**1983**

40. Набиуллин Ж. «Әнші жылдар» кітабынан: [өлеңдер] //Орал өңірі.-1983.-18 тамыз.  
41. Набиуллин Ж. Намыс: [скетч] // Орал өңірі.-1983.-12 наурыз.

\*\*\*\*\*

42. Набиуллин Ж. Звездный яик: [стихи] // Приуралье.-1983.-20 янв.

**1984**

43. Набиуллин Ж. Тост: [өлең] // Орал өңірі.-1984.-12 шілде.  
44. Набиуллин Ж. Сенім шуағы // Жұлдыз.-1984.-№1.-175-176 б.

\*\*\*\*\*

45. Набиуллин Ж. Тост: [стихи] // Приуралье.-1984.-12 июль

**1985**

46. Набиуллин Ж. Мәңгі алау: [өлең] // Орал өңірі.-1985.-1 қаңтар.

**1986**

47. Набиуллин Ж. Автопортрет: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1986.-13 желтоқсан.

48. Набиуллин Ж. Біздің достығымыз: [өлең] // Орал өңірі.-1986.-6 ақпан.

49. Набиуллин Ж. Жоғары кернеу: [өлең] // Жұлдыз.-№12.

50. Набиуллин Ж. «Жоғары кернеу кітабынан»: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1986.-27 наурыз.- 4 б.

51. Набиуллин Ж.Жаяу бүлкіл: [әзіл әңгіме] // Орал өңірі.-1986.-3 қыркүйек.

52. Набиуллин Ж. Қарапайым адам: [өлең] // Мәдениет және тұрмыс.-1986.-№12.

\*\*\*\*\*

53. Набиуллин Ж. Признание: [отрывок из поэмы] / пер.с каз. Т. Азовской // Ленинск.смена.-1986.-13 дек.

**1987**

54. Набиуллин Ж.Анықтама: [қалада жұмысқа орналасу жөнінде жазылған әзіл әңгіме] // Орал өңірі.-1987.-2 сәуір.

55. Набиуллин Ж.Өмірдің кейбір сәттері: [әзіл әңгімелер]//Орал өңірі.-1987.-25 наурыз.

**1988**

56. Набиуллин Ж. «Жоғары кернеу» кітабынан: [өлеңдер]//Орал өңірі.-1988.-12 ақпан.-4 б.

57. Набиуллин Ж. Құшағында бір ғажайып сая бар: [поэзия] // Қазақ әдебиеті.-1988.-16 қыркүйек.

**1989**

58. Набиуллин Ж. Құдіретті тепе-теңдік: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1989.-12 қаңтар.- 4 б.

### 1990

59. Набиуллин Ж.Басжіп сүйреткен бажалар: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1990.-2 наурыз.

### 1991

60. Набиуллин Ж.Бәрінен бұрын бесігінді түзе!: [ана тіліміздің тағдыры]// Орал өңірі.- 1991.-18 маусым.  
61. Набиуллин Ж.Жақсы мақала жарияланбай қалмайды //Орал өңірі.-1991.-28 тамыз.

### 1992

62. Набиуллин Ж.Жайлаудағы алма бағы // Орал өңірі.-1992.-3 шілде.  
63. Набиуллин Ж.Қазақ деген бауырың бар, жауың жоқ // Орал өңірі.-1992.-31 желтоқсан.

\*\*\*\*\*

64. Набиуллин Ж.Звездный Яик: [стихи]// Надежда.-1992.-21 марта.

### 1993

65. Набиуллин Ж.Балабақшадағы жеңіс мерекесі: [өлең] // Серпер.- 1993.-8 мамыр.  
66. Набиуллин Ж. Мұртына қарай іскегі: [шағын өнер ұжымдары үшін пьеса] // Орал өңірі.-1993.-29 қаңтар.  
67. Набиуллин Ж.Тыныштық даусы: [өлең] // Серпер.-1993.-8 мамыр.

### 1994

68. Набиуллин Ж.Ауылдың қара көздері-ай: [өлең] // Ана тілі.- 1994.-24 ақпан.-8 б.  
69. Набиуллин Ж. Жазушылар өз шаңырағын қайта көтерді // Орал өңірі.-1994.-8 желтоқсан.  
70. Набиуллин Ж.Жүрегінен жыр бұрканып, ән ұшқан, халық-мәңгі сарқылмайтын данышпан: [өлеңдер]// Орал өңірі.-1994.-8 желтоқсан.



### 1995

71. Набиуллин Ж. Бөз даладағы бозғылт ауылдар қазақтардың ұлттық намысын оятуы керек: [мәтін] // Орал өңірі.-1995.-23 мамыр.
72. Набиуллин Ж. Сыйлық: [мерекелік әзіл] // Орал өңірі.-1995.-30 желтоқсан.
73. Набиуллин Ж.Таланттылар құдайға да керек: [ақын Сағат Әбдуғлиев туралы] // Орал өңірі.-1995.-11 сәуір.
74. Набиуллин Ж. Тарих тек алтын әріптермен жазылмайды: [коммунист Маржан апайдың сөзі] // Орал өңірі.-1995.-9 қыркүйек.

### 1996

75. Набиуллин Ж.Ауылдың қара көздері: [өлең] // Ақ құс.-1996.- №1-2.-75 б.
76. Набиуллин Ж. Біреу қызын сыйласа,қазақтай-ақ сыйласын: [ұлттық болмысымыздың алтын діңгегі] // Орал өңірі.-1996.-20 сәуір.
77. Набиуллин Ж. Жеті бұрышты Париж: [өлең] // Орал өңірі.-1996.-17 қыркүйек.-4 б.
78. Набиуллин Ж. «Жетім қыз» дастаны: [Алмажан арудың тағдыры туралы хикая] // Орал өңірі.-1996.-16, 21 мамыр.
79. Набиуллин Ж. «Жетінші перне» кітабынан: [өлеңдер] // Орал өңірі.-1996.-7 желтоқсан.
80. Набиуллин Ж. Жұмысбасты: [әзіл әңгіме]//Орал өңірі.-1996.-8 тамыз.
81. Набиуллин Ж. Көк көйлекті қыз: [әзіл әңгіме] // Орал өңірі.-1996.-31 желтоқсан.
82. Набиуллин Ж. Қайран Неғымет, қайдан жүрсің?[Неғымет Нағымов – шымшымалар шығарды]//Орал өңірі.-1996.-2 сәуір.
83. Набиуллин Ж. Құпия: [әзіл әңгіме] // Орал өңірі.-1996.-23 шілде.
84. Набиуллин Ж. Наурыз,еңсеңді биік ұста: [өлең] // Орал өңірі.-1996.-22 наурыз.

85. Набиуллин Ж. Өзім өз болғалы.Түрлі-түсті төл сурет: [өлең] // Жайық үні.-1996.-16 мамыр.

### 1997

86. Набиуллин Ж. Еркек дәурен: [өлең]// Орал өңірі.-1997.-8 шілде.  
87. Набиуллин Ж. Көшкін: [әзіл әңгіме] // 1997.-18 ақпан.  
88. Набиуллин Ж. Құрдастар:[әзіл әңгіме] // 1997.-26 маусым.  
89. Набиуллин Ж.Туған жерде туған өлке: [өлеңдер] // Жайық үні.- 1997.-30 қаңтар.

### 1998

90. Набиуллин Ж.Еркек дәурен-2: [өлең]// Орал өңірі.-1998.-15 қаңтар.

### 1999

91. Набиуллин Ж.Электрлі білектер: [өлеңдер] // Информбиржа.- 1999.-11 қараша.

### 2001

92. Набиуллин Ж. Айналайын, ақ жұпар әлемім-ау!: [өлеңдер] // Жайық үні.-2001.-14 желтоқсан.-6 б.  
93. Набиуллин Ж. Алла акбар!: [өлең] // Орал өңірі.- 2001.-5 наурыз.  
94. Набиуллин Ж. Алла акбар!-2: [өлең] // Орал өңірі.- 2001.-23 маусым.-6 б.  
95. Набиуллин Ж. Алпыс бес баспалдағым: [өлеңдер] // Орал өңірі.-2001.-13 желтоқсан.- 5 б.  
96. Набиуллин Ж. Дейін және кейін: [өлеңдер] // Таң-Шолпан.- 2001.-№1.-11-15 б.  
97. Набиуллин Ж. Құдай жолы: [өлеңдер] // Орал өңірі.-2001.-23 маусым.-6 б.

### 2002

98. Набиуллин Ж. Ақын:[өлең] // Жайық үні.-2002.-1 наурыз.

### 2003

99. Набиуллин Ж. Бұл парадокс: [Өлеңдер] // Жайық үні.- 2003.-9 қазан.  
100. Набиуллин Ж. Қарама-қарсы тербелістер // Орал өңірі.- 2003.-

22 наурыз.

### 2005

101. Набиуллин Ж. Әшірсіз өткен қырық күн: [сазгер Әшір Молдағайынов туралы] // Орал өңірі.- 2005.-31 мамыр.
102. Набиуллин Ж. Бейтаныс әйелдің хаты // Орал өңірі.- 2005.- 11 қазан.
103. Набиуллин Ж. Естеліктер, толғаныстар, түйіндер // Орал өңірі.-2005.-12,19 наурыз; 2 шілде
104. Набиуллин Ж. Қиял деген қияли бір дос таптым: [өлеңдер] // Қазақ әдебиеті.- 2005.- 21 қаңтар.

### 2006

105. Набиуллин Ж. Естеліктер. Толғаныстар. Түйіндер //Орал өңірі.-2006.-24 қаңтар.-3 б.
106. Набиуллин Ж. Күйіп-жанған көңілім: [өлеңдер] //Орал өңірі.- 2006.-12 желтоқсан.
107. Набиуллин Ж. Өмірден түйгендерім //Орал өңірі.- 2006.-15 сәуір.-3 б.
108. Набиуллин Ж. «Тіл ұшындағы тікенектер»: қарасөздер //Орал өңірі.-2006.-9, 23, 26 қыркүйек.-4 б.
109. Набиуллин Ж. «Тіл ұшындағы тікенектер»: қарасөздер //Орал өңірі.-2006.- 3,14 қазан.-4 б.
110. Набиуллин Ж. «Тірліктің тұңғыш сабағы»: [жаралы жылдар жаңғырығы] // Орал өңірі.-2006.-7 ақпан.-3 б.

### 2007

111. Набиуллин Ж. Ақжайық жазушыларының жанайқайы: [Қазақстан жазушыларының құрылтайы қарсаңында] //Ана тілі.- 2007.-24 мамыр.-12-13б.
112. Набиуллин Ж. Бұл өмірді сүйем, әбден ес-түссіз //Жұлдыз.- 2007.-№2.-70-74б.
113. Набиуллин Ж. Жылағанға бола алмадық жұбаныш: [поэзия] // Таң-Шолпан.- 2007.- №1.-20-26 б.
114. Набиуллин Ж. Тағзым етем // Шапағат-Нұр.-2007.-12

қыркүйек.-14 б.

### **2008**

115. Набиуллин Ж. Теңіздің жарға соққан толқынындай // Информбиржа; - 2008.-23 қазан.-15 б.
116. Набиуллин Ж. Теңіздің жарға соққан толқынындай // Информбиржа; - 2008.-23 қазан.-15 б.
117. Набиуллин Ж. Құдай жолы // Орал өңірі.- 2008.-31 қаңтар.- 10 б.

### **2009**

118. Набиуллин Ж. Мәңгі достық: [жыр мүшәйрасы] // Орал өңірі.- 2009.- 2 сәуір.-11 б.

### **2010**

119. Набиуллин Ж. Адалға да, арамға да Тәңір бір...: [ өлеңдер] // Таң-Шолпан.-2010.-№6.- 12-24 б.
120. Набиуллин Ж.Мейрамхаттар: [әңгімелер] // Орал өңірі.-2010.- 24 маусым.-8-9 б.
121. Набиуллин Ж.Сұлулықтан жаралғандай бар ізгі...:[өлең] // Қазақ әдебиеті.-2010.-27 тамыз.-13 б.
122. Набиуллин Ж. Тек ғашықтар үшін: [өлең] //Орал өңірі.-2010.- 4 ақпан.-11 б.
123. Набиуллин Ж. Тек ғашықтар үшін-2: [өлеңдер] // Орал өңірі.- 2010.-13 мамыр.-8 б.

### **2011**

124. Набиуллин Ж. Айырбас: [әңгіме]// Орал өңірі.-2011.-20 қазан.-8 б.
125. Набиуллин Ж.Детектив: [әңгіме] // Орал өңірі.-2011.-20 ақпан.-8 б.
126. Набиуллин Ж.Қадір түніне тілек: [өлең] // Орал өңірі.-2011.- 25 тамыз.
127. Набиуллин Ж. Маған келсең, желдей есіп, жеңіл кел!: [өлең] // Орал өңірі.-2011.- 3 наурыз.-10 б.
128. Набиуллин Ж. Ұмытшақ: [әңгіме] // Орал өңірі.-2011.-20 қазан.-8 б.

## ЖАНҒАЛИ НАБИУЛЛИНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР

### 1969

129. Қайырбеков Ғ. Жаңа ұрпақ, жас өркен: [Облыс ақыны Жанғали Набиуллиннің шығармашылығы туралы] // Жұлдыз.-1969.-№5.-144-148 б.

### 1983

130. Неталиев М. Ақын ақиқаты: [ақын Ж. Набиуллиннің «Қас-қағым» кітабы жайында] // Орал өңірі.-1983.-7 шілде.

### 1984

131. Неталиев М. Сенім шуағы: [Ж. Набиуллиннің «Қас-қағым» кітабына сын] // Жұлдыз.-1984.-№1.-175-177 б.

### 1996

132. Самиголлаұлы Ғ. Туған жердің жусаны да жұпар: [ақын Ж.Набиуллиннің мерейтойы аудандарда өтті] // Орал өңірі.-1996.-19 желтоқсан.
133. Шарабасов С., Шоңыраев А. «Өлең деген бар менің бір құдайым...»: [Ж. Набиуллинге – 60 жас] // Орал өңірі.-1996.-7 желтоқсан.
134. Шахин А. Ақын мерейтойы қарсаңында: [Ж.Набиуллинге - 60 жас] // Орал өңірі.-1996.- 4 мамыр.

### 1997

135. Сейтақ Ғ., Құсайын Т. Жайықтың Жанғали ақыны: [Жанғали Набиуллиннің 60 жылдығы аталып өтті] // Егемен Қазақстан.-1997.-28 қаңтар.

### 2001

136. Мырзалиев Қ. Осы жұрт Жанғалиды біле ме екен?// Жас алаш.-2001.-22 желтоқсан.-5 б.
137. Сәрсенов С. Менің ұстаздарым: [ақын Жанғали Набиуллин] // Жайық үні.-2001.-7 желтоқсан.

\*\*\*\*\*

138. «Все еще – в начале»:[65 лет Жанғали Набиуллину] // Приуралье.-2001.-15 дек.

**2004**

139. Нәріков А.Ой мен сезім одағы немесе талант туралы толғаныс:[ Ж.Набиуллин «Жетінші перне»] // Орал өңірі.- 2004.- 10 сәуір.

**2006**

140. Ақынның жаңа кітабы:[Батыс Қазақстандық белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ж.Набиуллиннің «Полиграфсервис» баспасынан «Жетінші перне» көп томдығының бесінші кітабы жарық көрді] // Орал өңірі.-2006.- 4 наурыз.
141. Ғазезқызы Ж. Жанғали ақынның жыр кеші:[Облыстық филармония ұжымы «Өлеңді өмірімнің өзегі еттім» атты ақын Ж.Набиуллиннің шығармашылық кешін өткізді] //Жайық үні.- 2006.-28 желтоқсан.-5 б.
142. Жасқалиева Б. Жырдың жалынын жылдар суытпайды: [ақын Ж.Набиуллин 70 жаста]//Орал өңірі.-2006.-2 желтоқсан.- 4 б.
143. Жәрдемев Е. Сол достықты мен де аңсаймын: [ақын Ж. Набиуллиннің «Естеліктер.Толғаныстар.Түйіндер» кітабын оқығаннан кейінгі ой] //Орал өңірі.- 2006.-14 желтоқсан.
144. Жыл «Қырандары»:[«Жыл ақыны»-ақын Жанғали Набиуллин] // Орал өңірі.-2006.- 28 желтоқсан.
145. Жырлайды жылдар: [жерлесіміз ақын Ж. Набиуллиннің туғанына 70 жыл толуына арналған Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапханада өткізілетін мүшәйраның ережесі] // Орал өңірі.-2006.-21 қазан.-2 б.
146. Нәріков А.Жанғали ақын: әдеби бетбейне.-Орал : Ағартушы, 2006.-100 б.
147. Нәріков А. Өлеңді өмірінің өзегі етіп....:[ақын Ж.Набиуллин – 70 жаста] // Орал өңірі.-2006.-2 желтоқсан.- 4 б.
148. Сәрсенов С. Жанғали: Жайықтың жайсаңдары // Орал өңірі.- 2006.-5 қаңтар.-3 б.
149. Сейтақ Ғ. Жанғали Набиуллинге:[өлең] // Орал өңірі.-2006.-

12 желтоқсан.

150. Сисенғали З. Жанғалидың жұлдызы қашан жанады?: [ақын Ж. Набиуллин туралы] // Орал өңірі.-2006.-11 наурыз.-3 б.
151. Сисенғали З. Туған жерге кіндігінен байланған: [ақын Ж. Набиуллин 70 жасқа толды] // Орал өңірі.-2006.-28 қазан.-4 б.
152. Хамзақызы М. «Өлеңді өмірінің өзегі етіп...»: [ақын Ж. Набиуллин 70 жасқа толды] // Орал өңірі.-2006.-28 желтоқсан.
153. Ықсанғали Б. Ақын жаны мазасыз: [Жанғали Набиуллиннің шығармашылығы туралы] // орал өңірі.-2006.-12 желтоқсан.
154. Шарабасов С,Қыдыршаев А. Шағын өлең шандозы: [ақын Ж. Набиуллин туралы] // Орал өңірі.-2006.-16 мамыр.-4 б.
155. Шарабасов С., Қыдыршаев А. Талғат биігіндегі кең тынысты ақын:[осыдан жарты ғасыр бұрын өлеңге деген сағыныштан қызуы көтерілген ақындардың бірі – Жанғали ақын] // Жайық үні.-2006.-14 желтоқсан.-5 б.

## 2007

156. Әділұлы А. Жанғали набиуллиннің 70 жылға өмір тәжірибесінен // Қазақстан- zaman., 2007.-8 наурыз.-12 б.
157. Ғұбайдуллин Б. Жайықтың Жанғалиы //Айқын.- 2007.-14 ақпан.
158. Жәкеңнің жазғандары: [2006 жылдың «Жыл ақыны атаған, «Қыран» сыйлығының иегері Жанғали Набиуллин 70 жасқа толды»] // Еділ-Жайық.-2007.-5 қаңтар.-3 б.
159. Жыр мүшәйрасы мәреге жетті:[ақын Ж. Набиуллиннің 70 жасқа толуына орай ұйымдастырылған «Жырлайды жылдар» атты жас ақындар мүшәйрасы мәреге жетті] // Орал өңірі.- 2007.-1 қаңтар.-1 б.
160. Қаланың құрметті азаматы: [Ақжайықтың ақыны Ж. Набиуллинге «Орал қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.] // Жайық үні.-2007.-8 қараша.
161. Қуаныш Т. Суреткер:[Жанғали поэзиясы] // Жалын.-2007.- №6.-70-71 б.
162. Сариев С. Ақын ақын туралы //Орал өңірі.-2007.-19 мамыр.
163. Шамұратова Ж. Ақ Жайық жазушыларының жанайқайы:

[ақын Жанғали Набиуллин] //Алтын орда.-2007.-31 мамыр.-6 маусым.-23 б.

164. Хасан С. Жыр мұхитының жиһангері:[Ақын Ж.Набиуллин] // Ақиқат.- 2007.-№1.-77-79 б.

\*\*\*\*\*

165. Мушайра выявляет таланты: [поэтическое состязание молодых поэтов «Жырлайды жырлар», посвященное 70-летию поэта Ж. Набиуллина ]// Приуралье.-2007.-4 янв.

166. Поздравляем Жанғали!: [аким города присвоил звание «Почетный гражданин города Уральска» Ж.Набиуллину] // Пульс города.-2007.-1-7 нояб.-С.2.

### 2008

167. Қуаныш Т. Ақын Жанғали Набиуллин поэзиясындағы көркемдік //Қазақ тілі мен әдебиеті.-2008.-№2.-111-114 б.
168. Қуатов Б. Естеліктер.Толғаныстар.Түйіндер:[ақын Жанғали Набиуллин туралы]//Информбиржа.-2008.-25 желтоқсан.-15 б.
169. Сәниұлы Б. Талайларды тамсандырған талант иесі // Информбиржа.-2008.-25 желтоқсан.-15 б.
170. Таймасұлы Т. Ақын мен ақиқат:[ақын Жанғали Набиуллин] // Орал өңірі.- 2008.-13-20 қараша.

\*\*\*\*\*

171. Вне очереди: [10-ая очередная сессия гормаслихата, на которой торжественно вручили удостоверение и ленту и «Почетного гражданина г.Уральска» Ж. Набиуллину] // Вестник Уральского городского маслихата.-2008.-№19.-С.1.

### 2010

172. Смағұлова Т. Жетпісте де махаббатты жырлаған:[Ақ Жайық ақындарының бірі Ж. Набиуллин туралы]//Орал өңірі.-2010.-16 қыркүйек.-24 б.

### 2011

173. Арыстаналиева Д. Посвящение поэту: [Ж. Набиуллину] // Приуралье.-2011.-21 апр.- С.4.



## ЕСІМДЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

Арыстаналиева Д.....	39
Әділұлы А.....	38
Ғазезқызы Ж.....	37
Ғұбайдуллин Б.....	38
Жасқалиева Б.....	37
Жәрдемөв Е.....	37
Қайырбеков Ғ.....	36
Қуаныш Т.....	39
Қуатов Б.....	39
Құсайын Т.....	36
Мырзалиев Қ. ....	12,13,17, 36
Набиуллин Ж. ....	26-35
Нәріков А.....	37
Неталиев М.....	36
Самиғоллаұлы Ғ. ....	36
Сариев С.....	39
Сәниұлы Б.....	39
Сәрсенов С.....	37
Сейтақ Ғ.....	36,38
Сисенғали З.....	38
Смағұлова Т.....	39
Таймасұлы Т.....	39

Хамзақызы М.....	38
Хасан С.....	39
Шамұратова Ж. ....	39
Шарабасов С.....	36,38
Шахин А. ....	36
Шоңыраев А.....	36
Ықсанғали Б. ....	38

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
Ж. Набиуллиннің өмірі мен шығармашылығы.....	4
Осы жұрт Жанғалиды біле ме екен? .....	6
«Жырлайды жылдар»: Кітап көрмесінің жобасы.....	13
«Құшағында бір ғажайып сая бар» (поэзия кешінің жобасы).....	15
«Жыр мұхитының жиһангері»: [Ж.Набиуллиннің шығармашылығын насихаттауға арналған әдеби-сазды композиция].....	19
Ақын шығармаларының тізімі .....	26
Әр жылдары жазылған баспасөз беттеріндегі өлеңдері мен мақалалары.....	27
Жанғали Набиуллиннің шығармашылығы туралы мақалалар.....	36
Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	40

Құрметті оқырман қауым!  
Әдістемелік құрал туралы ой пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды  
мына мекен-жайға хабарласуыңызға болады:  
Орал қаласы, Карев көшесі, 47 –үй, Ж. Молдағалиев атындағы  
Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы.  
Байланыс телефондарымыз:  
50-75-49, 50-76-90.  
e-mail: info@zkolib.kz